"Философия" кафедрасы жоспарлы оқу, әдістемелік және ғылыми қызметін белсенді жүргізіп отырады. Кафедра ПОҚ кәсіби қызметтері үшін бірнеше рет Құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен және дипломдармен марапатталды. Сонымен қатар, бір қатар авторлық құқықтарға ие.











Филос.ғ.к., доцент Спанов М.Ж., филос.ғ.к., доцент Ибраева Н.А. – М. Әуезовтің төсбелгісімен, филос.ғ.к., доцент Есиркепова Г. К. – "Кеменгер ұстаз" медалімен, филос.ғ.к., доцент Арынғазиева Б.Б. – алғыс хаттармен, грамоталарымен, филос.ғ.к., доцент Жиенбекова А.А. – ҚР Ғылым және Жоғары білім министрінің "Білім үздігі" төсбелгісімен, басқа да грамоталары мен алғыс хаттарымен марапатталған.



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университеті Ғылыми Кеңесінің
(2023 жылғы 31 тамыздағы № 1-ші хаттама)
ШЕШІМІМЕН

*Ибраева*
*Нурила*
*Амировна*

**МҰХТАР ӘУЕЗОВ**
төсбелгісімен марапатталғандығы
туралы берілді

(қолы) Д.П.Қожамжарова
М.О.

КУӘЛІК № 0212



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университеті Ғылыми Кеңесінің
(2023 жылғы 31 тамыздағы № 1-ші хаттама)

*Жиенбекова*
*Айнур*
*Абдрахмановна*

**МҰХТАР ӘУЕЗОВ**
төсбелгісімен марапатталғандығы
туралы берілді

Ректор (қолы) Д.П.Қожамжарова
М.О.

КУӘЛІК № 0774



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университеті Ғылыми Кеңесінің
(2023 жылғы 31 тамыздағы № 1-ші хаттама)
ШЕШІМІМЕН

*Спанов*
*Мейирхан*
*Жантаевич*

**МҰХТАР ӘУЕЗОВ**
төсбелгісімен марапатталғандығы
туралы берілді

Ректор (қолы) Д.П.Қожамжарова
М.О.

КУӘЛІК № 0210



GLOBAL PROFESSIONAL DEVELOPMENT

*Құрметті Гулзипа Киргизбаевна!*

Сіздің қолыңыздағы «KEMEŃGER USTAZ» медалі – білімді ұрпақ тәрбиелеудегі қажырлы еңбегіңіз бен адал қызметіңіздің нәтижесі. Сіз өскелең ұрпақты өресі жоғары азамат қылып тәрбиелеп, ізденіс пен талапқа негізделген мамандықтың абыройын арттырып келесіз. Ұстаз жолы – ғибратты жол. Осы жолда қызмет еткен адам биік белесті бағындыратыны сөзсіз. Сізде өзіңіздің мықты маман екеніңізді дәлелдеп, «Кемеңгерлер» қатарына ендіңіз. Әр оқушының ойын жетілдіріп, арманына қанат бітіріп, мейірім шуағына бөлейтін, бала шақтан болашаққа жол ашатын қадірлі ұстазсыз! Қызметіңіз шәкірттеріңізге үлгі болып, үйрете жүріп, үйренуден талмайтын ісіңіз ізгілікке ұлассын!

Бас директор — Айтжан Б.Е.

Алматы, 2022






АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Арынгазиева Баян Бекмурзаевна!

Сіздің жетекшілігіңізбен шәкіртіңіз «Bilim-Orkeniety» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын дамыту мақсатында «ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК СТУДЕНТІ» атты республикалық байқауға қатысып жүлделі орын иеленді. Еліміздің жастар саясатын дамыту мақсатына қосқан үлесіңізге алғыс білдіре отыра, сізге зор денсаулық, ырыс-береке, жемісті еңбек тілейміз!

«Bilim-orkeniеti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының директоры — Самаков А.Б.



АЛҒЫС ХАТ

СПИКЕРІ

АРЫНГАЗИЕВА БАЯН БЕКМИРЗАКЫЗЫ

СПИКЕР


ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕҢБЕГІ ЖӘНЕ ЖЕТКІНШЕК ҰРПАҚТЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ТАБЫСТАРЫ ҮШІН «БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ҮЗДІГІ» ТӨСБЕЛГІСІМЕН

ЖИЕНБЕКОВА АЙНУР АБДРАХМАНОВНА

МАРАПАТТАЛАДЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ӨРЛЕУ» ПІДО ДИРЕКТОРЫ: Ж.Ф.КОШКИМБАЕВ

№ BY0186

АЛМАТЫ, 2024


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Ақпараттық білім беру орталығы

AUEZOV UNIVERSITY

ГРАМОТА

Ғылымның негізі кітапханадан бастау алып, кітапхананың қозғаушы күші оқырман мен ақпарат көздері «Менің кітапханам» жобасы аясында «Үздік автор» номинациясы бойынша

*Жиенбекова Айнұр Абдрахмановна*

марапатталады

Басқарма төрағасы-ректор м.у.а. Қ.Нұрманбетов

Шымкент қаласы - 2024 жыл


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІНІҢ

АЛҒЫСХАТЫ

*Құрметті*

*Жиенбекова Айнұр Абдрахманқызы!*

*Отандық жоғары білім беру жүйесінде өзіндік орны бар іргелі оқу ордасы – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық мерейлі белесімен шын жүректен құттықтаймын! Ғылым және жоғары білім саласындағы адал да абыройлы еңбегіңіз бен жоғары біліктілігіңізге алғыс білдіре отырып, алдағы уақытта ел игілігі жолындағы кәсіби қызметіңізге табыс, отбасыңызға амандық тілеймін!*

Министр С. Нұрбек

*... қаласы, 2023 жыл*


AUEZOV UNIVERSITY

АЛҒЫС ХАТ

*Құрметті Жиенбекова Айнұр Абдрахмановна!*

Басқарма Төрағасы -Ректоры м.у.а Қ.Е. Нұрманбетов

Кафедра ұжымы гуманитарлық және жалпы білім беру ғылымдарының түрлі мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізеді, халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға, форумдарға, дөңгелек үстелдерге қатысады.

Кафедра 2024 жылдың 18 қазанда ғалым Т.А. Сүлейменовтың 70 жылдығы мен еске алуына арналған "Әділ Қазақстанның қалыптасуы контекстіндегі "Адал адам" парадигмасының мәні" атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастырып, өткізді.







Конференция аясында «Ұлағатты ғалым – ұстаз» естеліктер жинағының тұсаукесері өткізіді, авторлары Сүлейменова М.Т., Асқар Л.А., Нұрмұратов С.Е.

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің бас ғимаратында 10 сәуір, 2025 жылы «Әуезов оқулары-23: Хакім Абайдың 180 жылдығына арналған Абай феномені және жаңа танымдық өрістер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында профессор, философия ғылымдарының докторы Мусаева Назыркуль Рахимовнаны еске алуға арналған №159 аудиторияның ашылу салтанаты өткізілді.







Сондай ақ «Философия» кафедрасы ПОҚ Республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктің мүшелері болып табылады. Филос.ғ.к., доцент Спанов М.Ж. - 022 - «Гуманитарлық ғылымдар» секциясы «Философия» подсекциясының, филос.ғ.к., доцент Жиенбекова А.А. - 031-«Әлеуметтік ғылымдар» секциясы, «Мәдениеттану» подсекциясының талқылаулар мен жыйындарында белсенді жұмыс атқаруда.



**Анықтама**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы оқу-әдістемелік бірлестігі (әрі карай ОӘБ) ҚР бірнеше жоғары оқу орындарының жанындағы Білім және ғылым министрлігі құрған консультативтік-кеңесші жұмыс органы (ҚР Білім және ғылым министрінің «Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және оқу-әдістемелік бірлестіктерін құру және олардың қызметі туралы ережені бекіту туралы» 2018 жылғы 12 қазандағы №562 бұйрығы негізінде).

ОӘБ қызметін басқаруды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі жүзеге асырады.

ОӘБ құрамына кадрларды даярлаудың жетекшілік ететін бағыттары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын барлық қазақстандық және шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының өкілдері, жұмыс берушілер, «Атамекен» ҰКП, Назарбаев университетінің, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің, мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді. ОӘБ кадрларды даярлаудың 9 бағыты бойынша ҚР ЖОО-на оқу-әдістемелік қолдау көрсетеді.

**Философия ғылымының кандидаты, доцент, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Философия кафедрасының меңгерушісі Спанов Мейірхан Жантайұлының** Республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктің 022 «Гуманитарлық ғылымдар» секциясы «Философия» подсекциясының мүшесі екенін және оның жиындары мен талқылауларына белсенді қатысып, осы бағыттағы жоғары білім беру саласын дамытуға өзіндік үлес қосып келе жатқанын мәлімдейміз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Философия кафедрасының меңгерушісі,
«Философия» подсекциясының төрағасы Әсет Құранбек

28.05.2024



